

"Жамбыл облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау" туралы Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 қазандығы №39-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының мәслихатының 2022 жылғы 16 ақпандагы № 13-5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 наурызда № 27019 болып тіркелді

ШЕШТІ:

1. Жамбыл облыстық мәслихатының "Жамбыл облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2019 жылғы 17 қазандығы №39-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4356 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облыстық

мәслихатының хатшысы

M. Сарыбеков

Жамбыл облыстық

мәслихатының 2022 жылғы

16 ақпандагы № 13-5 қосымша

шешіміне

Жамбыл облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылышы бағдарламасы шенберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге.

2. Жамбыл облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

1. Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасыларға;
2. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бүрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған

көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарына;

3. Толық емес отбасыларға;

4. Ипотекалық бағдарламасының және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік түрғын үй құрылышының бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы қажетті мамандар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК